

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Берекелі, Алтын күз!

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.08.2020

ТІРЕК СӨЗДЕР

ата-анаға кеңес, ата-анамен жұмыс, бала дамуы, балабақша, балабақша әдістемесі, балабақша бағдарламасы, балабақша қазақша, балабақша тәрбиешісі, балалар дүниесі, балалар ойыны, балалар тәрбиесі, балалар үшін, балалармен жаттығу, балалармен жұмыс, балалармен тәрбие, баланың дамуы, дамыту ойындары, ерте даму, ерте оқу, креативті тәрбие, қимылды ойындар, логопед, мектепке дейінгі тәрбие, ойын әдістемесі, педагогика, сенсорлық даму, сөйлеуді дамыту, тәрбие және оқыту, тәрбиеші, тіл дамыту

СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/79773/>

Қалсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

«Алтын күз» бізге нұр төгіп.

Сәлеметсіздерма, қадірлі қонақтар! Біздің «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келіңіздер!

Ал, балалар «Күз» әнін бірге айтайық

Орманға барамыз,

Табиғатқа қараймыз.

Бар әлем әдемі,

Түрлі- түсті әлемі.

Ағаштары әсем-ай,

Күз келді, алақай!

Сонымен балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: «Күз»

Күзде қандай жемістер піседі?

Алма, алмұрт, алша

Күзде жапырақтар сарғайып жерге түседі. Күн суытады, аспанды бұлт торлайды, жаңбыр жауады.

Ал енді балалар «Жапырақтар» әнін бірге айтайық

Жапырақтар сарғайып,

Жерге топ, топ түседі.

Ля-ля-ля ля-ля-ля

Жерге топ, топ түседі.

Ағаш толы жемістер,

Алма, алмұрт, алшалар.

Ля-ля-ля ля-ля-ля,

Күз мезгілі тамаша.

Көк аспаның мөлдіреп,

Алтын күзім елжіреп.

Асыр салып жүре бер,

Сары көйлегің желбіреп.

Ал балалар қонақтарға «Тамшылар» биін билеп берейік.

«Тамшылар» әні қосылады.

Балалар «Атын күздің» сендерге әкелген сыйлығы бар екен (алма). Балаларға таратылады.

Ал қонақтар, балалар біздің күз мерекесіне арналған «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі кездескенше қош сауболаңыздар!